

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің 2010 жылғы 1 желтоқсандағы ағымдағы жағдайы

2010 жылғы 1 желтоқсанда 13 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – қорлар) өз қызметін жүзеге асырды. 2010 жылғы қараша айында заңды тұлғаларға зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметке лицензия берілген жоқ.

15 заңды тұлғаның қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензиясы бар, оның ішінде 12 қор зейнетақы активтерін дербес басқару лицензиясына ие.

Есепті күнде 10 екінші деңгейдегі банк кастодиандық қызметті жүзеге асырды. Сонымен бірге, 6 екінші деңгейдегі банк қорларға кастодиандық қызмет көрсетті: «HSBC Банк Қазақстан» АҚ еншілес банкі, «Банк Центр Кредит» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, «Еуразиялық Банк» АҚ, «АТФ Банк» АҚ, «Ситибанк Қазақстан» АҚ.

Қорлардың салымшылары (алушылары)

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны 2010 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 2 201,0 млрд. теңге жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасымен 7 959 294 болды. Міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар шоттарының саны 2010 жылғы қараша айында 27 597 (0,3%) ұлғайды, жинақталған зейнетақы қаражаты да 37,9 млрд. теңгеге (1,8%) ұлғайды.

2010 жылғы 1 желтоқсан айында міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының ең көп саны бұрынғыша 4 қорда жинақталды: «Қазақстан Халық Банкі» – 25,7%, «МЖЗҚ» – 22,3%, «Ұлар Үміт» – 13,9% және «БТА Қазақстан» – 9,8% немесе олардың үлесіне барлық қорлар салымшыларының жалпы санының 71,7%-ы келеді.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны 2010 жылғы 1 желтоқсан айында жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 1,2 млрд. теңгемен 39 671 болды. Ерікті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар шоттарының саны 2010 жылғы қараша айында 130 бірлікке (0,3%) азайды.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттарының саны 2010 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 100,2 млн. теңгемен 4 044 болды. Ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар (алушылар) шоттарының саны 2010 жылғы қараша айында 7 бірлікке азайды.

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты 2010 жылғы қараша айында 37,9 млрд. теңгеге (1,7%) ұлғайып, 2010 жылғы 1 желтоқсан айында 2 206,6 млрд. теңге болды.

Зейнетақы жарналарының жалпы түсуі ағымдағы жылдың қараша айында 34,0 млрд. теңгеге (1,9%) ұлғайып, 2010 жылғы 1 желтоқсан айында 1 784,7 млрд. теңге болды.

Зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен, салымшылардың (алушылардың) шоттарына бөлінген «таза» инвестициялық кіріс сомасы (комиссиялық сыйақыны шегергенде) 2010 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 553,8 млрд. теңге болды. 2010 жылғы қараша айында «таза» инвестициялық кіріс 8,3 млрд. теңгеге (1,5%) ұлғайды.


Салымшылардың (алушылардың) 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап 2010 жылғы 1 желтоқсанға дейінгі кезеңде жинақталған зейнетақы қаражатының көлемі мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

Күні	млрд. теңге				
	1.01.09	1.01.10	1.12.10	1.01.10 салыстырғандағы өсім	1.01.10 салыстырғандағы өсім (%-бен)
Жинақталған зейнетақы қаражаты	1 420,5	1 860,5	2 206,6	346,1	18,6
Зейнетақы жарналары	1 184,7	1 488,8	1 784,7	295,9	19,9
«Таза» инвестициялық кіріс	307,0	481,7	553,8	72,1	15,0
«Таза» инвестициялық кірістің жинақталған зейнетақы қаражаты сомасындағы үлесі	21,6	25,9	25,1	-	- 0,8%-дық тармақ

Көрсетілген кестеден жинақталған зейнетақы қаражатының өсімі жылдың басынан бастап 346,1 млрд. теңгені құрағаны байқалады. Жинақталған зейнетақы қаражатының орташа айлық өсімі 31,5 млрд. теңге болды.

2010 жылғы 1 желтоқсан айында ең көп жинақталған зейнетақы қаражатының сомасына 4 қор ие болды: барлық қорлардың жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы көлемінен «Қазақстан Халық Банкі» – 694,2 млрд. теңге (31,5%), «МЖЗҚ» – 365,9 млрд. теңге (16,6%), «ҰларҮміт» – 308,5 млрд. теңге (14,0%) және «БТА Қазақстан» – 177,9 млрд. теңге (8,1%) немесе жиынтығында осы 4 қордың үлесіне барлық жинақталған зейнетақы қаражатының 70,2%-ы келді.

Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және жинақталған зейнетақы қаражатының өзгеру динамикасы



Міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы аудармау, жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасауды уақтылы жүзеге асырмау және зейнетақы активтерін тиісінше басқармау үшін өсімпұл сомасы қараша айында 0,2 млрд. теңгеге (1,6%) ұлғайып, 2010 жылғы 1 желтоқсан айында 13,1 млрд. теңге болды.

Зейнетақы төлемдері және қорлардан сақтандыру ұйымдарына аударымдар 2010 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 181,8 млрд. теңге болды немесе қараша айында 4,4 млрд. теңгеге (2,5%) өсті. Қорлар 2010 жылдың басынан бастап алушыларға жалпы сомасы 49,6 млрд. теңгеге (37,5%) зейнетақы төлемдерін жүзеге асырды.

Ағымдағы жылдың басынан бастап зейнетақы аннуитет шарттарына сәйкес сақтандыру ұйымдарына алушылардың жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасау жалпы сомасы 10,1 млрд. теңгеге 5 257 алушыға жүзеге асырылды. Зейнетақы аннуитет шарттарына сәйкес сақтандыру ұйымдарына алушылардың жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасаудың жалпы сомасы 2010 жылғы 1 желтоқсан айында 14,0 млрд. теңгені құрады.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі жөніндегі ақпаратты Агенттіктің сайтында орналастыру, сондай-ақ қорлардың ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауы салымшыларға (алушыларға) қорды дербес таңдауға және зейнетақы заңнамасы бойынша берілген жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аудару құқығын пайдалануға мүмкіндік береді.


2010 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аудару қараша айында 38,5 млрд. теңгеге (3,7%) ұлғайып, 1 070,7 млрд. теңгені құрады.

Қорлардың зейнетақы активтерінің құрылымы

2010 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-да инвестициялық басқаруда болған зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі қараша айында 37,7 млрд. теңгеге немесе 1,74%-ға өсіп, 2 207,7 млрд. теңге болды.

2009 жылғы 1 желтоқсаннан бастап 2010 жылғы 1 желтоқсанға дейінгі кезеңде зейнетақы активтерінің орташа айлық өсуі 31,9 млрд. теңге болды.

Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы



Зейнетақы активтерінің жиынтықты көлемін бөлу

ЗАИБЖАҰ/ ЖЗҚ	зейнетақы активтері	
	млн. теңге	%-бен
«Қазақстан Халық Банкі жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ еншілес ұйымы	695 841	31,52
"ГНПФ" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	366 619	16,61
"Жетісу" ЗАИБЖАҰ" АҚ	356 653	16,16
"ҰларҮміт" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	307 896	13,95
"АМАНАТ ҚАЗАҚСТАН жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	48 757	2,21
«БТА Банкі» АҚ еншілес ұйымы «БТА Қазақстан жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	176 806	8,01
"GRANTUM Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ («Қазкоммерцбанк»	146 447	6,63

АҚ ЕҮ)		
"ГРАНТУМ жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ («Қазкоммерцбанк» АҚ еншілес ұйымы)	146 447	6,63
«Капитал» ЖЗҚ» АҚ - «Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы	108 283	4,90
"Мұнайгаз - Дем" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	75 845	3,43
"Еуразиялық жинақтаушы зейнетақы қоры " АҚ	72 335	3,28
"Нұр-Траст" ЗАИБЖАҰ" АҚ, "Нұрбанк" АҚ еншілес ұйымы	66 657	3,02
"Нұрбанк" АҚ еншілес ұйымы "Атамекен" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ, "Нұрбанк" АҚ еншілес ұйымы	66 657	3,02
"Отан" ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	24 802	1,12
"РЕСПУБЛИКА жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	60 253	2,73
"Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	57 137	2,59
Барлық ЖЗҚ бойынша жиынтығы	2 207 678	100,00

Инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі ағымдағы жылдың қараша айында 49,59 млрд. теңгеге немесе 2,32%-ға өсіп, 2010 жылғы 1 желтоқсан айында 2 179,99 млрд. теңгені құрады.

ҚР эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздарының жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық портфеліндегі үлесі инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 47,61%-ын (1 037,8 млрд. теңге) құрайды және 1 қарашадағы жағдай бойынша осыған ұқсас көрсеткішке қатысты 2,0%-ға немесе 20,4 млрд. теңгеге ұлғайды. 1 желтоқсандағы жағдай бойынша мемлекеттік емес бағалы қағаздардың үлесі инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 33,57%-ын құрады (731,9 млрд. теңге).

ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	1.11.2010ж.		1.12.2010ж.	
	млн. теңге	%	млн. теңге	%
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде	1 017 403	47,76	1 037 795	47,61
ҚР еурооблигациялары	0,00	0,00	0,00	0,00
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	840 040	39,43	851 379	39,06
Ұлттық Банктің ноттары	169 804	7,97	179 996	8,26
жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары	7 559	0,35	6 420	0,29
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	167 912	7,88	184 599	8,47
акциялар	37 481	1,76	47 115	2,16
облигациялар	130 431	6,12	137 484	6,31
Шетел инвестициялық қорларының пайлары			0	0,00
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	44 291	2,08	46 959	2,15
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	24 838	1,17	25 407	1,17
Тазартылған алтын	29 126	1,37	29 465	1,35
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде	719 076	33,75	731 924	33,57
акциялар	182 292	8,56	184 698	8,47
облигациялар, оның ішінде:	536 784	25,20	547 226	25,10
шетел валютасында номинирленген	12 475	0,59	60 707	2,78
теңгеге номинирленген	524 309	24,61	486 519	22,32
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	128 281	6,02	124 431	5,71
Туынды бағалы қағаздар	-566	-0,03	-587	-0,03
Жиынтығы	2 130 361	100,00	2 179 993	100,00

Эмитенттер бағалы қағаздар шығарылымы бойынша дефолтқа жол берген бағалы қағаздардың үлесі 2010 жылғы 1 желтоқсанда зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 1,95%-ын құрады, бұл абсолютті мән бойынша 42,95 млрд. теңге болды.

Қорлардың номиналды кірісінің коэффициенті туралы мәліметтер

2010 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері бойынша номиналды кірістің орташа алынған коэффициенті:

– 2005 жылғы қараша – 2010 жылғы қараша кезеңінде – 44,11%. Номиналды кірістің орташа алынған түзетілген коэффициенті – 41,88% (ұқсас кезеңдегі инфляцияның жинақталған деңгейі – 61,53%);


– 2007 жылғы қараша – 2010 жылғы қараша кезеңінде – 16,95% (ұқсас кезеңдегі инфляцияның жинақталған деңгейі – 26,82%);

– 2009 жылғы қараша – 2010 жылғы қараша кезеңінде – 4,17% (ұқсас кезеңдегі инфляцияның деңгейі – 7,70%) құрады.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының номиналды кірісі коэффициентінің өзгеруі 2010 жылғы 1 желтоқсанда алдыңғы айдың көрсеткішімен салыстырғанда мынандай сипатта болды:

- 60 ай ішіндегі номиналды кіріс коэффициенті 0,19 пайыздық тармаққа азайды;
- 36 ай ішіндегі номиналды кіріс коэффициенті 0,17 пайыздық тармаққа өсті;
- 12 ай ішіндегі номиналды кіріс коэффициенті 0,20 пайыздық тармаққа өсті.

Қорлардың зейнетақы активтерінің және номиналды кіріс коэффициенттерінің арақатынасы



Қорлардың қаржылық жай-күйі

Қорлардың жиынтық капиталы 2010 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 82,1 млрд. теңге болды, оның ішінде жарғылық капитал – 44,2 млрд. теңге немесе жиынтық капиталдың жалпы көлемінің 53,8%-ы болды. Қорлар бойынша активтердің жалпы сомасы 2010 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 87,6 млрд. теңге болды.

2010 жылғы қаңтар-қараша айларында 6 қор («Ұлар Үміт», «АМАНАТ Қазақстан», «БТА Қазақстан», «Қазақмыс», Отан және «Республика») жалпы сомасы 2,8 млрд. теңге шығынға ұшырады, бұл ретте 7 қор жалпы сомасы 9,8 млрд. теңге пайда алды. Қорлардың таза кірісінің жалпы сомасы 2010 жылғы 1 желтоқсандағы 7,0 млрд. теңге болды.

Қорлардың меншікті активтері есебінен қаржы инвестициялары 2010 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 69,6 млрд. теңге немесе қорлардың жиынтық активтерінің 79,5%-ы болды.

Қорлар меншікті активтерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына – 64,9%, Қазақстан Республикасы эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына – 13,5%, «Кері РЕПО» операцияларына - 1,1% инвестициялады, екінші деңгейдегі банктердегі салымдарға – 17,3%, шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына – инвестициялардың жалпы көлемінің 3,2%-ын орналастырды.

Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролі

Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролін сипаттайтын қатысты көрсеткіштердің динамикасы	1.01.05	1.01.06	1.01.07	1.01.08	1.01.09	1.01.10	1.12.10
ЖІӨ млрд.теңге	5 870,1	7 453,0	10 139,5	12 849,8	16 052,9	17 007,6	19 303,6 *
Жинақталған зейнетақы қаражатының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	8,2	8,7	9,0	9,4	8,8	10,9	11,4
Зейнетақы жарналарының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	6,5	6,9	6,7	7,1	7,4	8,8	9,2
«Таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	2,0	2,1	2,5	2,6	1,9	2,8	2,9
Қорлардың жиынтық капиталының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,1	0,2	0,2	0,2	0,3	0,4	0,4

* - Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігінің болжам деректері